

"Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 454 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 1346 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 1460 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.19 № 1460 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 454 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 204-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;

2) 1-тармақтағы 1) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген адвокаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;

2) жоғары заң білімінің болуы;

3) адвокаттар алқасы президиумының қаулысы негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағымдадан өту;

4) аттестациялық әділет комиссиясында аттестаттаудан өту;

5) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұратыны туралы мәліметтердің болмауы;

6) соттылығының болмауы.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдарға;»;
4 - тармақ алып тасталсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген нотариаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

«1. Нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) жоғары заң білімінің болуы;
- 3) кемінде бір жыл мерзіммен нотариуста тағылымдамадан өту;
- 4) аттестациялық әділет комиссиясында аттестаттаудан өту;
- 5) наркологиалық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұратыны туралы мәліметтердің болмауы;
- 6) соттылығының болмауы.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдарға;»;
4 - тармақ алып тасталсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*